

Қызыләскер ауылдық округі Черное ауылының аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режим белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 сәуірде № 5072 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 1-03/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 05.02.2018 № 1-03/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде Қызыләскер ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызыләскер ауылдық округі Черное ауылының аумағында ұсақ қара мал бруцеллезінің анықталуына байланысты, шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

А. Күмpekеев

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі ветеринариялық бақылау және
қадағалау Комитетінің Лебяжі аудандық
аумақтық инспекциясының басшысы
2016 жылғы "5" сәуір

Ғ. Сағалов